«8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Калшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Калшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Қазақстан 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс отандық заң ғылымына елеулі үлес қосады. Себебі дауларды балама шешу тәсілдерінің бірі ретінде медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері заң ғылымында кешенді түрде, толықтай алғаш рет зерттеу тақырыбы ретінде алынып отыр. Ізденушінің ұлттық заңнама, шетелдік және отандық ғылыми зерттеулер мен материалдарын талдауға

			негізделген нақты ұсыныстары мен қорытындылары диссертациялық жұмыстың маңыздылығын ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазу деңгейі жоғары және тәуелсіз зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысын жазу тілі түсінікті және жатық, қазақ тілінде сауатты орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды, өйткені автор жүргізген зерттеу қазіргі дауларды балама шешудің бір тәсілі ретінде медиацияны қолдану бойынша теориялық және тәжірибелік мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Ізденуші өз диссертациялық жұмысының өзектілігін толық негіздей алған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыптың мәнін толық айқындайды. Диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, 9 бөлімшеден, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес зерттеудің мақсаты нақты айқындалған,мақсаттарға жету үшін міндеттер көрсетілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;**	Диссертацияның әр тарауы мен бөлімдері қисынды, жүйелі, логикалық тұрғыда

		2) ішінара байланысқан;	байланысты және зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автормен ұсынылған тұжырымдар негізделген, сыни талданған. Зерттеу нәтижелері ғылыми және теориялық тұрғыда негізделген, зерттеу барысында диссертацияда жасалған талдаулар мен тұжырымдар нақты болып табылады.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша ғылыми жаңашылдық қағидасы сақталған, зерттеу нәтижелері толығымен жаңа болып табылады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Қазақстандағы медиация туралы заңнаманы жетілдіруге байланысты әдіснамалық және ғылыми тәжірибелік мәселелер кешенінің тұжырымында, теориялық негіздемесінде практикалық шешімдер көрініс тапқан.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары толығымен жаңа, негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстағы барлық қорытындылар теориялық тұрғыда негізделген, негізгі мәліметтер түрлі ғылыми зерттеулер мен заңдардан алынып расталған. Әр ғылыми қорытындының негізділігі медиация бойынша отандық және шетелдік ғылыми жұмыстар мен әдебиеттерді зерделеп, жан-жақты, терең талдау негізінде анықталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;**	**1 ереже.** Медиация ұғымына авторлық анықтама берілген. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия **2 ереже.** Билер институты Қазақстандағы медиация институтының дамуының тарихи алғышарты ретінде қарастырылып, құқықтық дәстүр мен қағидалар, этикалық категориялар сияқты құралдарды құқық қолдану шеңберіне тарту, медиатордың білімінің сәйкес денгейі мен ой-өрісінің, жоғары моральдық және азаматтық жауапкершілігінің дамуына қажет екенін тұжырымдаған. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **<u>кең</u>** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **<u>ия;</u>** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.5.1) ия **3 ереже.** Қазақстан Республикасында медиация мен татуластыру рәсімдерінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану мен оны әрі қарай жетілдіру үшін медиация институтын мемлекеттік-құқықтық реттеу бойынша ізденуші өз тұжырымдарын жасайды. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия **4 ереже.** ҚР кәсіпқой медиаторлардың құқықтық жағдайына байланысты ізденуші өз тұжырымын жасаған. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия **5 ереже.** Этносаралық конфликтілерді реттеу мен алдын-алудың тиімді жолдарын анықтауда этномедиацияны медиацияның бірегей, жаңа бағыты деп қарастыру қажет деп анықталған. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия

			6 ереже. Қазақстандағы медиацияны жетілдіруге байланысты тәжірибелік ұсыныстар берілген. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертация тақырыбының мәнін ашу үшін әлеуметтік құбылыстарды диалектикалық әдіспен тану және онымен байланысты жалпы ғылыми әдістер, соның ішінде: әлеуметтік, талдау, синтез, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық-құқықтық, тарихи, статистикалық, нақты-социологиялық және басқа жалпы және арнайы танымның әдістері орынды әрі нақты пайдаланылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік техноолгияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	жоқ
		1) ия;	
		2) **жоқ.**	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу барысында келтірілген маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертация аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне дәйекті түрде қол жеткізген. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне және басқа да қайнар көздерге сілтеме жасай отырып, 216 дереккөзді кеңінен қолданған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттер, зерттеу жұмыстары, ғылыми мақалалар, құқықтық актілер жеткілікті дәрежеде қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Ізденушінің диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорытындылары осы салада болашақта жүргізілуі мүмкін ғылыми ізденістерде, медиация оқу курсы бойынша оқу үдерісінде қосымша материал ретінде пайдалануға болады
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар мен ұсыныстар құқық шығармашылықта, Қазақстан Республикасындағы медиация туралы
		1) **ия;**	

		2) жоқ.	заңдарды жетілдіру мақсатында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Ізденуші келтірген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Ізденушінің академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс ғылыми тілде, түсінікті жазылған. Осындай жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделген.
		1) **<u>жоғары;</u>**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		*Ізденушінің диссертациялық зерттеуінде медиация рәсімін түрлі құқықтық салаларда қолдану бойынша ерекшеліктерін анықтағанда практикалық кейстер аз қолданған. Алайда бұл ескерту жұмыстың ғылыми құндылығын түсірмейді.*
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымы 8 ғылыми жұмыста жарық көрген. Олардың ішінде 1 мақала – Scopus дерекқорына кіретін халықаралық басылымда; 3 мақала – ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған және бекіткен ғылыми журналдарда; 4 мақала – халықаралық конференциялар материалдары мен өзге де басылымдарда жарық көрді. Олардың

			барлығы таңдалған тақырыптың мазмұнын ұсынудың жаңалығымен, қисындылығымен, дұрыстығымен және дәйектілігімен сипатталады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Калшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент:

PhD докторы, Каспий қоғамдық Университеті,
«Әділет» жоғары құқық мектебінің
қауымдастырылған профессоры

Акимбекова Меруерт Аминовна

Подпись Акимбековой М.А заверяю
Глав.спец РЧР Вашева Б.Н.